

ҒТАХР 17.71.91

ЕРТЕГІ СЮЖЕТІН ҚҰРАЙТЫН МОТИВТЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Қ.Б. Алпысбаева

ф.ғ.к.,

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер
институтының жетекші ғылыми қызметкері, Қазақстан, Алматы
email: alpysbaeva-k@mail.ru

Эпикалық жанрлардың қай-қайсысының да басты ерекшелігі – олардың сюжеттілігінде. Эпикалық сюжет – тұтас ұғым. Оның ерекшеліктерін, тарихи өрілу жолын, жекелеген бөлшектерінің алмасу, жаңару принциптерін мотивтер арқылы жан-жақты сипаттауға болады. Бұл орайда мотивтің қызметі бүтіннің бөлшегі болумен шектелмейді. Ол – оқиғаларды белгілі бір тәртіппен қиюластырушы және оқиғаларды ұйымдастырушы қызметін атқарады.

Түйін сөздер: мәтін, ертегі, сюжет, мотив, қолжазба, фольклор, батыр, дию

Ертегіге бай елдердің бірі – қазақ халқы. Қазақ ертегілері ішкі жанры жағынан: хайуанаттар туралы ертегілер, қиял-ғажайып ертегілер, батырлық ертегілер, новеллалық ертегілер, сатиралық ертегілерге бөлінеді.

Халық өзінің ертегілерінде қиял түрінде болса да, қоғам өмірінің көптеген мәселелерін қамтиды. Ертегілерде адамгершілік, жақсылық-жамандық туралы неше алуан ойлар, тапқырлық нақылдар, өнеге-өсиеттер айтылады. Мысалға қазақ халқының батырлық ертегілерін алайық. Бұл тақырыптағы ертегілердің басты тақырыбы бас қаһарманның ерлікпен үйлену, неше түрлі құбыжықтармен, дию-перілермен, дәулермен айқасу, рудың, елдің намысын қорғау болып келеді. Яғни ертегінің идеясы жақсылықтың жеңуін арман қылып, сол идеяны баяндап береді. Сол идеяны насихаттау арқылы тыңдаушысын тәрбиелейді, ерлікке баулиды.

Эпикалық жанрлардың қай-қайсысының да басты ерекшелігі – олардың сюжеттілігінде. Эпикалық сюжет – тұтас ұғым. Оның ерекшеліктерінің, тарихи өрілу жолын, жекелеген бөлшектерінің алмасу, жаңару принциптерін мотивтер арқылы жан жақты сипаттауға болады. Сөзіміз дәлелді болу үшін төмендегі ертегілерге тоқталамыз:

«**Жартытөстік**» ертегісі дүние жүзі халықтарының көптеген ертегілерінде сөз болатын перзентсіз кемпір мен шалды суреттеуден басталады. Кемпір мен шал мал-дүниеге қарамай, қай жерде әулие болса, соған түнеп, Алладан бала тілеп, бір жыл жүреді. Түнеген әулиелерден ешқандай көмек болмаған соң, еліне қайтпақшы болады. Кемпір бір шеңгелді көріп қалып, сол шеңгелдің түбіне келіп ұйықтап қалады. Түс көреді. Түсінде ақ шалмалы қожа жетіп келіп, кемпірге: «Әй отыз ұл берейін бе, жоқ бәріне балап, бір ұл берейін бе?», – дейді. Кемпір: «Бір-ақ ұл бер!» – дейді. Кемпірдің көрген түсі шындыққа айналады. Кемпір сүр етке жерік болады. Қараса, жарты төстік ілулі тұр екен, соны асып жеп, жерігін басады. Содан ұлының атын Жартытөстік деп қояды. Ертегі бір балаға зар болып жүрген ата-аналардың хал-жағдайына аса көңіл бөліп, әсерлендіре баяндайды.

Міне, осылай жасы ұлғайған ата-аналардың бала тілеп, әулиелерді кезуі кездойсоқ емес. Мұның астарында халықтың батыр ұлды аңсаған арман-мақсаты жатыр. Сондықтан да оны батырлық ертегілердегі дәстүр бойынша ата-анасы тарығып, зарығып жүріп көрген, яғни ғайыптан туған бала ретінде суреттейді [1; 241]. Ертегі, жырлардың көбінде әулие балаға зарыққан шалға аян берсе, талданып отырған шығармада ақ шалмалы шал келіп, кемпірге аян береді. Бұл – ертегінің көнелігін көрсететін белгі.

Кейіпкердің ғайыптан туу мотиві бүкіл жер жүзі халықтарының ауызекі шығармаларында бар [2; 45].

Ертегінің сюжеттік құрылымында «ат таңдау» мотиві де көрініс тапқан. Ат таңдау мотиві кейіпкердің әкесінің биік бәйтеректің басына шығуына тыйым салуына байланысты өрбиді. Бұл

ертегінің басқа ертегіден бір айырмашылығы биік бәйтерек кейіпкердің есігінің алдында өсіп тұрады. Кейіпкердің әкесі: «Әй, балам, сен бұл ағашқа шығушы болма, босқа басың айналып құлап қаласың!» – деп бірнеше рет айтады. Бала біраз ойланып жүріп: «Осы ағашқа шығып көрейін», – деп, ағаштың басына шығады. Қараса, бір көшкен ел келеді. Өңкей жас ұл-қыз қатар-қатар тұрып, ән салып, өлең айтып келеді. Оның артында жас жігіт, келіншектер қатар-қатар болып, оның артында шал-кемпірлер де келеді. Соны көрген бала: «Ол ағашқа мінбе, шықпа!» деп жүргені әкемнің мынау екен ғой, қызық көрсе кетіп қалады деп жүрген ғой», – деп ойлап, ағаштан түседі. Кеште көргенін әкесіне айтады. Сонда әкесі: «Ой, балам, ол көргенің – өтіп бара жатқан дүниенің сағымы. Оған тірі адам түгілі, өлген адам да жетпейді», – дейді. Оған бала бой бермей, кетпек болады. Жартытөстік бәйтеректің басына шығу арқылы өзге дүниенің елесін танып білуге ынтығады.

Бәйтерек образы – көптеген халықтардың ертегілеріне ортақ әлемдік ағаш туралы түсінік.

Бәйтерек, жалғыз ағаш туралы наным-сенімдер жөнінде Ш.Уәлиханов: «Жаһанда өсіп тұратын жалғыз ағаш немесе бұта қадірленіп, оның басына түнейді. Оның қасынан өтіп бара жатқан адамдар бұтақтарына шүберек байлайды, ыдыс тастайды, я болмаса аттың жалын түйіп тастайды», – деп жазған [3; 113].

Үш әлемді жалғастырушы космостық ағаштың шамандық түсінікте жақсы сақталғандығын Е.М.Мелетинский «Поэтика мифа» (М, 1976.) атты еңбегінде дәлелдеген. Ал С.А.Қасқабасов: «қазақ бақсыларының қолына ұстайтын асатаяғы – осы космостық ағаштың өзгерген түрі» деген тұжырым жасайды [4; 87].

Баланың әкесі: «Бұл енді тоқтамайды», – деп ойлап, еліндегі он бір сыншыны шақыртып алып, оларға баласы күндіз-түні шабатын ат таңдатады. Бір сыншы жердің жеті қабат астында жалғыз көздің қой мойынды Құлашалағы бар екенін айтады.

Сонда Жартытөстік: «Не ана жер астындағы қой мойынды Құлашалақты аламын. Болмаса, ана өлең айтып, көшкен елге барамын», – деп, етек-жеңін түрініп, жаяу жөнеледі. Ағаш түбіне келіп ұйықтап қалған Жартытөстік бір кезде шырылдаған ащы дауыстан оянып кетеді. Сөйтсе, ұяда жатқан Самұрықтың балапандарын жейін деп бара жатқан айдаһарды көреді де, оны өлтіріп, балапандарды ажалдан құтқарады. Сол үшін қаһарманды Самұрық жат сырлы дүниеге жеткізіп салады. Мұнда ежелгі дәуірдің наным-сенімдерінен сақталып қалған сарқыншақтар көрініс тапқан. Ол – тотемдік кезеңдегі сенім бойынша Самұрық құс өзінің жақсы көрген кейіпкерін кез келген қиыншылықтан, тығырықтан алып шығу керек деген түсінік.

Дию, пері, жезтырнақ, самұрық құс, аждаһа – шығыс әдебиетінде жиі қолданылатын тұрақты қалыпқа айналған мифологиялық образдар. Бұл образдар өте көне замандағы адамдардың мифологиялық түсінігінің ұқсастығынан көптеген халықтардың фольклорына ортақ болып кеткен.

Ертегіде Жартытөстіктің жер астына түсіп, дәудің Құлашалағын алу үшін айдаһармен, жалғыз көзді дәумен жалғыз күресіне үлкен мән берілген. Жартытөстік жауларымен күрескенде қорқу дегенді есіне де алмайды. Жауын көргенде, Жартытөстіктің күш-қуаты арта түседі.

Оның жауы, мейлі ол айдаһар, жалғыз көзді дәу не адам болсын, олар да орасан зор күш иесі ретінде бейнеленеді. Мысалы, қаһарман дәуді шоқпармен салып қалғанда, «О, мына жердің бүргесін-ай!» – деп, тіпті бүрге шаққандай көрмейді.

«Кейіпкердің, міне, алып та күшті дұшпандарын жеңуі – сөзсіз, халықтың бұқара қорғанышы боларлық жан туралы арманының жемісі мен оның жақсылық пен жамандыққа, әділеттілік пен әділетсіздікке деген көзқарасының сәулесі [4; 252].

Эпостарда көп тараған сюжеттің бірі – «батыр күйеудің өз қалыңдығының тойында» кездесетін көрініс. Аталған көрініс «Жартытөстік» ертегісінің екінші сюжетінде кездеседі. Мифологиялық жауларын жеңген Жартытөстік еліне келгенде, айттырған қалыңдығын қалмақ ханы алмақшы болып елін шауып кетеді. Қаһарман жаумен жалғыз соғысып, халқын азат етуі «Жартытөстіктің» эпос әсерінен жаңғырған батырлық ертегі екенін дәлелдейді. Мұндай сюжет көптеген халықтың ертегілері мен ертедегі гректің «Одиссеясы», сондай-ақ «Едіге батыр», «Алпамыс батыр» жырларымен «Фазыл-Мәриям» т.б. дастандарында кездеседі.

Жартытөстіктің ғажайып тууы, Самұрық құспен достасуы сияқты сарындары «Ертөстік» ертегісімен ұқсас болғанымен, ертегі мазмұнының құрылымы мен қаһармандар іс-әрекеті жөнінен өзіндік айырмашылықтары бар.

Көкжан батыр мен айдаһар» ертегісінің оқиғасы балаға зарығу желісінен басталады. Бір күні шалы қонаққа кетіп, кемпірі қалың ойға батып жатып, ұйықтап кетеді. Ұйықтап жатып, бір ғажайып түс көреді. Түсінде ұзын бойлы, қара кісі келіп аян береді. «Мен саған сегіз қарбыз, бір қауын беремін, тоғыз балаң болады. Қауыннан туған кенже балаңның атын Көкжан батыр қой», – дейді.

Кемпір ұйқыдан оянса, қасында сегіз қарбыз, бір қауын жатқанын көреді. Кемпір қауын, қарбызды жеп тойып алады. Шалына сырын айтпайды. Әулиенің қасиетті жемісінің арқасында, кемпір жүкті болып, қарбыздан тоғыз ұл табады. Кенжесінің атын Көкжан батыр қояды.

Ғайыптан туу мотивін арнайы зерттеген академик А.Н.Веселовский ғайыптан туу мотивтерінің түрлерін айта келіп, «жемістен туу» сарыны маньжурия мен фин жұртының фольклорында кездесетінін айтады. Аталған мотив түркі халықтарына ортақ туынды «Таһир-Зүһра» дастанында да көрініс тапқан. Бұл шығармада патшаның әйелі дәруіштің берген қасиетті алмасының арқасында Зүһраны табады. Ал, адамның ғайыптан тууына сенушілік – көне дәуірдің (матриархат) жемісі екені мәлім.

Ертегінің оқиғалық құрылымы күрделі. Композициялық құрылысы жағынан қарағанда, бұл ертегіде бірнеше сюжет қамтылған.

Келесі оқиғаларда кемпір мен шалдың балалары ержетіп балиғатқа толғаны, оларға бір отбасынан қалыңдық іздеуі (көне эндогамия салтының көрінісі), тоғыз ұлдың кенжесі Көкжан батырды айдаһардың талап етуі мен кейіпкердің оны алдын ала сезуі (көне инициация ғұрыптарының елесі), Көкжан батырдың бірнеше рет бағын сынауға тәуекел етуі, мұнысын жолдастары да қош көруі, жамбыларды атып түсіріп, балуандарын жеңіп, үш қызды алуы, оларды жолдастарына сыйлауы, Көкжан батырдың түрлі көмекшілері болғанымен (ізші, жұлдызшы, балық санын білгіш) қалыңдық алуға жалғыз аттануы, жауларын ерлікпен жеңіп алып қайтуы т.б. сөз болса, келесі сюжеттерде көне дәуір мифтерінен қалған «Өлмес алыптар» жайындағы мотивтердің сарқыншағы көрініс тапқан. Ертегіде бұл мотив Көкжан жанының бәкінің ұшында болуы мен батырдың өлуі мен ғажайып жолымен қайта тірілетін тұсында көрінеді. Мысалы, мыстан кемпір Көкжан батырдың «осал жерін» патшаның шартын орындап алған қызы ашады. Қыз аңнан келген Көкжан батырдан жаны қайда екенін сұрайды. Айтпаған соң қыз жылайды. Сонда Көкжан батыр ойланып: «Айтсам айтайын, жылап болмадың ғой!»-дейді.

– Менің жаным оң жақ көрпенің астында, бәкінің ұшында, тірі жанға тіс жарып айтушы болма!» – дейді де аңға кетіп қалады. Оны біліп алған кемпір қызды шарап беріп мас қылып, оң жақ көрпенің астындағы бәкіні алып, отқа қыздырып, суға лақтырып жібереді. Қызды Еділдің аржағына өткізіп, алтын сарайға қамап тастайды.

Сол уақытта бірге жолдас болған үш кісінің көңілдері қаяу, қабақтары кірбең тартып, бір сезік пайда болады. Сонда жұлдыздың санын білетін кісі: «Жарық жұлдыз ағып түсті. Көкжан батыр дүниеден өтіпті, Енді оның сүйегін іздеп табу керек», – дейді. Ізші кісі Көкжан батырдың ізімен ақ орданың үстінен шығады. Келсе, Көкжан батыр өліп жатыр екен. Балықтың санын білетін кісі балықтарын түгендесе, шортан жоқ екен. Ол дереу суға түсіп, терең жерінен шортанды тауып алады. Шортанның ішін жарса, ішінен бәкі шығады. Оны Көкжан батыр жатқан көрпенің оң жақ астына тығады. Сол уақытта қозғалғандай болады. Олар сонда Көкжан батырдың жаны екенін біледі. Бәкіні алып отқа қыздырып, суға малады да, көрпенің астына қайта тыққанда, Көкжан батыр оянып: «Қатты ұйықтап кеткен екенмін ғой», – деп орнынан ұшып түрегеледі. Ізші кісі:

– Жоқ, сен ұйықтаған жоқсың, өліп қалыпсың, біз тіріліп алдық, – дейді. Соны айтып, олар қайтып кетеді.

Қаһарманның «өліп тірілу» мотиві алтайлықтардың «Алтаин Сайын Салам» атты ертегісінде, «Ер Сайын» жырында «Қожа Ғафған» қисасында т.б. халықтардың фольклорлық шығармаларында кездеседі.

Ертегі түйінінде әкесінің кегін алып, оны қатерлі жолға жұмсаған айдаһарды өлтірген Көкжан батырдың баласы суреттеледі.

Енді Көкжан батыр айдаһарды іздейді. Бірнеше ай жол жүріп, айдаһардың тұрған жеріне келсе, айдаһардың қасында торы атты бір қара жігіт жатыр екен. Анадайдан көріп, Көкжан батыр әлгі жігітті атады. Қанша атса да әлгі жігітке оқ дарымайды. Болмаған соң Көкжан батыр жігіттің қасына келіп:

– Мына өлтірген айдаһарың менің досым еді. Сен оны неге өлтірдің? – дейді. Жігіт:

– Мен неге өлтірмейін. Мен анамның құрсағында жатқанда, ол менің әкемді алып кетіпті, сондықтан мен кегімді алдым, – дейді. Көкжан:

– Әкең аты кім еді? – дейді. Бала:

– Әкем аты – Көкжан батыр, – деп жауап береді.

Сөйтсе, ол Көкжан батыр елден кеткенде іште қалған баласы екен. Әкелі-балалы екеуі сол жерде табысып, аман-есен еліне келіп барша мұратына жетеді. Бұл көріністегі әке мен баланың бірін-бірі танымай, күш сынасуы – матриархат дәуіріндегі отбасылық ғұрыптың сәулесі. Мұндай мотив «Дариға қыз», «Рүстем дастан» т.б. жырларда кездеседі.

Көптеген ертегілерде қаһарман ру, тайпа, халық қамы үшін жауға жалғыз аттанып, жеңіске жетіп, оның ұрпағы жайында әңгіме болмаса, талданып отырған шығармада ертегі сюжетіне шежірелік тұтастануға түскен батырлық жырлардың ықпалы тигені аңғарылады. Бұған батыр мен оның алысатын жауы мифологиялық образ болғанымен, сондай-ақ өліп-тірілу, сиқырлы заттардың көмегі көрінгенімен, ата кегін қуу, дұшпанына деген қаталдықтың ұрпақтан ұрпаққа жалғасын көрсетуі батырлық, бостандық ұғымын кеңейте түсуі дәлел бола алады.

«Жалғыз жігіт ұрпақтары» ертегісі Жалғыз батырдың қалмақтармен соғыс үстінде қаза табуы, өлер алдында жолдасына іште қалған баласын аманат етумен басталады. Қаһарманның қайтыс болуы кең суреттелген. Аталған ертегіде халық ауыз әдебиетінде ең кең тараған «Аллаға жалбарыну» мотиві көрініс тапқан. Ол ертегінің мына тұсында көрінеді. Жалғыз батыр қалмақтармен бірнеше күн соғысқаннан кейін жараланып, қаза болады. Бұған қиналып-күйзелген досы шарасыздан Аллаға: «Құдая, маған батырды тірілтіп бер?!» – деп жалбарынады. Оның тілегі қабыл болып, Алланың құдіретімен Жалғыз батыр тіріліп, досымен табысып, соғысты жалғастырады. «Аллаға жалбарыну», «өліп-тірілу» мотивтері «Таһир-зүһра», «Сәнұар патша», «Ер Сайын» сол сияқты басқа да көптеген діни дастандарда жиі кездеседі.

Қайта тірілген Жалғыз батыр келесі шайқаста өзінің қаза боларын сезіп, іште қалған баласының атын Ертұяқ қойсын деп аманат етеді.

«Қаһарманның қайтыс болуын кең суреттеу – әкелі-балалы батырларды жырлайтын шығармаларға тән» [5; 136] десек, батырдың дүниеге келер алдындағы әкесінің қаза табуы, оның анасының ішінде қалуы көне заманғы «ғайыптан туу» мотивінің феодализм заманына сәйкес «ерекше жағдайда туу мотивіне» ауысып, кейіпкерді әсірелеп көрсету үшін қолданылған көркемдік тәсілдердің бірі.

Ертегінің сюжеттік құрылымында әлем халықтарының фольклорлық туындыларында жиі ұшырасатын эпостық мотивтердің («бал ашу», «түс көру», түс жору», «әке сырын бөтен адамнан есту» т.б.) біразы кездеседі. Батырлық жырлардың көбіне тән ерекшеліктердің бірі – батырдың ерте есеюі, алыптықты жастайынан танытуы. Осы ерекшелік аталған ертегіде де көрініс тапқан. Ертұяқ та төрт-бес жасқа келгеннен кейін, ауылдың балаларымен доп ойнап, сираққа қағып өлтіре береді. Бір күні ауылда бір кемпірдің жалғыз баласын ұпай алып, өлтіріпті. Өлгі кемпір Ертұяқты: «Жалғызыңнан жайрағыр, менің жалғыз баламды өлтіргенше, жорықта өлтірген әкеңнің құнын даулап алсаңшы!» – деп баланы қарғайды. Бала оны елемей жүре береді. Бір күні асық ойнап, садағын иіріп, үйне келе жатқанда, бір кемпірдің өрмегіне садақ тиіп кетіп, үзіп тастайды. Өлгі кемпір баланы қарғап: «Қалмақтан әкеңнің құнын алсаңшы, менің өрмегімде не алмағың бар еді?» – дейді. Кемпірдің жалғыз баласын ұрып өлтіру мен өрмегін бұзу арқылы әкесі туралы шындықты біледі.

Ертұяқ өзіне сай тұлпар таңдап мініп, қасына бір жауырыншы мен екі жүз жігіт ертіп алып, жауға қарсы аттанады. Жауға таянғанда, жауырыншы жауырынға қарап: «Бұл жолда барғанмен, жолымыз болмайды екен, қайтайық», – дейді. Оған Ертұяқ қарсы болып: «Шыққан бетімнен қайтпаймын, не болса да барып көрермін», – дейді. Екі жүз жігіт қорқып, ермей қалады. Ертұяқ жауға қарсы жалғыз аттанып, қалмақпен жалғыз соғысып, ерліктің неше алуан түрлерін көрсетеді. Бұл тұста Ертұяқтың өр мінезі мен батырлық бейнесін айқын аңғарамыз. Батырдың жауға жалғыз аттанып, жалғыз шайқасып жеңуі қаһармандық эпос мазмұндарымен («Алпамыс батыр», «Ер Сайын батыр» т.б.) сәйкес келеді.

Көп жылдан кейін Ертұяқ баласы Шашбайды ертіп, екінші рет жауға аттанып, майдан үстінде қаза болады. Әке өлімінен соң жаңа ұрпақтың ерлік аренасына шығуы – эпостағы шежірелік тұтастану құбылысының ықпалы [6; 396].

Ертегінің сюжетіне, поэтикасы мен құрылысына батырлық жыр үлкен ықпал еткен. Көптеген қиял-ғажайып ертегілерінің сюжеттік желісінде батырлар жырындағыдай тұрақты прологтар мен эпилогтар бар.

«Ал, бас қаһарман туралы әңгіме біткен соң, негізгі сюжетке жалғасатын эпилогта кейіпкер мен оның жанындағылардың әрі қарайғы тағдыры сөз етіледі. Эпилогтағы бас кейіпкер, көп жағдайда, негізгі сюжеттегі қаһарманның баласы немесе інісі болып келеді. Ол ендігі жерде ағасы не әкесі бастап, үлгіре алмай кеткен істі тындыруға тиіс» [7; 213].

Ағайынды батырлардың қарым-қатынасы патриархалдық отбасылық әдетке бағындырылып, олардың ерлігі тарихи дұшпандармен соғыста ғана емес, мифологиялық жаулармен күрес үстінде де танылады.

Шашбай өзінің қалыңдығын айдаһардан құтқару арқылы үйленсе, інісінің қалыңдығын да дәудің қысымынан бетпе-бет күресу арқылы алады. Ағайынды екі батырдың ұрпақтары Найзабай мен Қылышбайдың әкесі Шашбай дүниеден өтеді. Жас батырлар қалмақ жауын жеңіп, ел-жұртын қорғап, мұратына жетеді [7].

Қорыта айтқанда, мотив – сюжет аясында өзінше дербестігі бар, оқиғасы іштей тұжырымдалып, жинақталған бүтіннің бөлшегі, яғни толып жатқан оқиғалар тізбегінен құралатын сюжеттің жекелеген қиындысы. Бұл орайда мотивтің қызметі бүтіннің бөлшегі болумен шектелмейді, ол – оқиғаларды, ситуацияларды белгілі бір тәртіппен қиюластыруға қатысатын ең төменгі жинақтаушысы және оқиғаларды ұйымдастырушы дей аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Алпысбаева Қ., Әсбаева П. Қолжазба қорларындағы батырлық жырлардың жиналу тарихы. – Алматы, 2017.
- 2 Фольклорлық мұралар: жиналу, жариялану тарихы. – Алматы, 2014.
- 3 Валиханов Ч.Ч. Собр. Соч. Т.1. – Алма-Ата, 1961.
- 4 Қасқабасов С.А. Қазақтың халық прозасы. – Алматы, 1984.
- 5 Қасқабасов С.А. Тұтастану – фольклор поэтикасының заңдылығы //Қазақ фольклорының поэтикасы. – Алматы, 2001.
- 6 Қасқабасов С.А. Жаназық. – Алматы, 2002.
- 7 Бабалар сөзі. 75-том. – Астана: Фолиант, 2011.

ФУНКЦИОНАЛЬНАЯ РОЛЬ МОТИВА В СЮЖЕТНОМ ПОСТРОЕНИИ СКАЗОК

К.Б. Алпысбаева

к.ф.н., ведущий научный сотрудник,

Институт литературы и искусства им. М.О. Ауэзова КН МОН РК

email: alpysbaeva-k@mail.ru

Главная особенность любых эпических жанров – в их сюжетности. Эпический сюжет – неразрывное понятие. Его особенности, все перипетии его истории, принципы смены, обновления некоторых частей позволяют всесторонне охарактеризовать посредством мотивов. В этом случае функция мотива не ограничивается служением лишь в качестве части целого, он – самый низовой собиратель, участвующий в выстраивании событий, ситуаций в известном порядке и организатор.

Ключевые слова: текст, сказка, сюжет, мотив, рукопись, фольклор, герой, великан

THE FUNCTIONAL ROLE OF MOTIF IN THE PLOT CONSTRUCTION OF FAIRY TALES

К.В. Alpysbaeva

Cand. Sci. (Philology), Leading Researcher,

Institute of Literature and Art named after M.O. Auezov, Almaty, Kazakhstan

email: alpysbaeva-k@mail.ru

The main feature of any epic genres - in their plot. The epic plot is an inseparable concept. Its features, all the vicissitudes of its history, the principles of change, updates of some parts allow to fully characterize it by means of motives. In this case, the function of the motive is not limited to serving only as a part of the whole, it is the most grassroots collector involved in the attachment of events, situations in a certain order and organizer.

Keywords: text, fairy tale, plot, motive, manuscript, folklore, hero, giant

Редакцияға 26.02.2019 қабылданды